

Торғай Ақнаубаева

Менің сыныптас достарым



Ақтоғай ауданындағы
орталықтандырылған
кітапханада өткізілген
30.09 күні.

**Ақтоғай ауданындағы
№ 2 Қызыларай орта
мектебін бітірген сыныптас
достарға!**


**Бір жүрген құрбылар, мектепте,
Гүлзарын көңілдің көктеткен.
Достардың суреті сақталсын,
Естелік өмірлік көп бетке.**

Байқамаппыз бітіргелі мектепті,

Жарты ғасыр қалай өтіп кеткенін.

Байқамаппыз күйбің өмір тірлікпен,

Зейнет жастың қалай келіп жеткенін.



Handwritten signature

Handwritten mark

Мектеп тұлелеріне – 50 жыл (1965 – 2015 ж.)

.... Бала кезінде адам бақыт дегенді алдынан күтіп, тезірек есеюге асығады. Алайда іздеген нәрсенің барлығы – балалық ауылында қалып қойғанын есейген соң бірақ біліп, өмір бойы сол бір шақты аңсаумен келеміз.

Сондай балалығымызға куә болған мектеп, ауыл, ұстаздар, кластас достар еді. Сол мектепке, алтын ұя қабырғасында қалған «ақ бантикті» күндеріміз көз алдымызда көлбеңдейді.

Біз мектепті 1965 жылы бітірдік, бір класта 28 бала оқыдық. Мектеп бітіру кешін өткізіп, ауыл сыртына екі – үш кигіз үй тігіп, ата-аналарымызды, ұстаздарымызды, т.б. ауыл адамдарын шақырып, үш күн тойладық.

Өртүрлі отбасы жағдайларымен аяқтамай кеткен, басқа мектепке ауысып кеткен кластастарымыз да көп еді. Қызыларай ауылындағы № 2 орта он бір жылдық мектепті бітірген соң арман қуып жан-жаққа аттанғанымызбен, бір-бірімізден қара үзіп кетпей, кездесіп тұрдық. Кездеспеген кластастарымыздың амандығын сұрап біле жүрдік.

Жалпы құрбыларымының бірі өмірден өз орнын тауып, қоғамның түрлі саласында бір-бір мамандықтың тізгінін ұстап еңбек етті.

«Өмір өтеді қайырылмайды артына,

Өмір сүру бірдей емес жалпыға» - деп ақындар айтқандай солардың кейбіреулері арамызда жоқ.

Зымырап уақыт өтіп жатыр. Биыл міне, мектеп бітіргеннен кейінгі кездесуімізге 50 жыл толды. Қанша рет кездесу өткіземіз деп ойластырғанмен сәті биыл түсті. Кездестік.

Оқушы талантының уақытында ашылып, өрістеуі ұстаз білімі мен біліктілігіне байланысты екені белгілі. Алысты армандап, көз тіккен албырт шағымызды адаспайтын жол сілтеген ұстаздарымыз туралы естелік айтсақ тауыса алмаспыз. Сан ұрпақты білім нәрімен сусындатқан балалық кезіміздің тікелей куәгері болып, уақыттарын бізбен бірге өткізген ұстаздар еңбегі өлшеусіз еді. Естен кетпейді.

Ширек ғасырдан кейінгі кездесуден соң сыныптастарымыздың осы жинақты баспадан шығарайық деген бастамасын қолдаған азамат Бейсентай Жұмабаев пен сыныптасымыз Уақыт Кәрібековаға ризашылығымызды білдіреміз.

1965 ж. мектеп түлектер

Достарға арнау



Қай кезде болсын, қай жаста,
Достықтың жөні бір басқа.
Бөлісер сырын жасырмай,
Айналар мұндас, сырласқа

Іс түскен болса басыңа,
Табылар досың қасыңда.
Сүрініп жатсаң төмендеп,
Көтерер төрге басынды.

Қуанышыңа, ортақ боп,
Досың кеп сені қуантар.
Жабырқап жүрген шағыңда,
Досың кеп сені жұбатар.

Дос – деген сөзде үш әріп,
Жүрекке нәзік нәр берген.
Туыстанда артық достар бар,
Жаныңа шуақ әр берген.

Ғанибет, қандай керемет,
Сағынып досын іздеген.
Достықты құрмет тұтамыз,
Бабалар салған ізбенен.

Ұмытпай ұлы достықты,
Еске алып әр кез жүріңдер.
Ұзақ болып жастарың
Бақытты өмір сүріңдер!

Кәрібекова Уақыт

Білім берген ұстаздар

Болашаққа барар жолды ашқан,
Біліммен сусындатып, шуақ шашқан,
Ұстаз жолы қиынырақ, білсең шәкірт
Жазылып таусылмайтын ол бір дастан.

Қызыларай ауылындағы № 2 орта мектепті 1965 жылы бітірген ұстаздары туралы, олардың ұлағаттылығы мен білікті білімінен өнеге алып, үлкен өмірге аттанғандардың ішінде кім жоқ дейсіз. Алтын ұядан қанат қаққан қарлығаштар өмірдің сан тарау жолдарында әр түрлі мамандықты игерді. Біз аяулы азаматтар тәрбиелеп өсірген алтын ордамызды мақтан тұтамыз. Онда сабақ берген ұстаздар:

Төлтай Мақсұтов – қазақ тілі мен
әдебиетінен

Балапанов Мәннен – химиядан

Әзіханов Амангелді - биологиядан

Смағұлова Бизада – биологиядан

Әбдразақов Сейітқазы - тарихтан

Әбдікаримов Сәбит – тарихтан

Шортанбаев Бектұрсын – физикадан

Нығметуллина Ғалия – астрономиядан

Сыздықов Қапан – дене тәрбиесінен

Блалов Кәрім – дене тәрбиесінен

Мекеева Төкен – қазақ тілі мен әдебиетінен

Мекеев Қалиакпар – орыс тілінен

Құрманбеков Әзімбек – зоологиядан

Рахымжанов Кәдір – алғашқы әскери

даярлық пәнінен

Қойшыбаев Шынарбек – трактордан

Сонымен бірге Б.Сейтқазы, Нұрмаш, Зүбәйра, Тәуірбала, Шаймолла, Қуандық, Мәмила, Мәкен, Күлмайра, Жаңылтай, Т.Гүлшат, Б.Мұқтар т.б. ұстаздардың тәрбиесі есімізде.

«Менің өмірге келіп, жер басып жүруіме себепші болған ата-анам, ал бойыма қанат бітіріп, жерден биікке өсіп шығуыма себепші болған ұстаздарым» деген екен Шығыстың бір данышпаны.

Мәңгілік Ел ұрпақтарын тәрбиелеуде ұстаздар білім мен тәрбиесін, тынымсыз еңбегін жалғастарыратын ұлағатты ұстаздар саны арта берсін!

Бірге оқыған сыныптастарымыз:

Халықпен халықты, адам мен адамды
теңестіретін нәрсе білім.

(М.Әуезов)

1. Андрейсов Ардаш
2. Ақпанбаева Торғай
3. Ахметчина Нәзікүл
4. Ақбаев Манат
5. Әбдуалиев Байғазы
6. Әбдрахманова Рәзия
7. Батталғазина Күләш
8. Бақышев Мәннәп
9. Бөдешова Дәкен
10. Баймұқанов Қайырбек
11. Башарова Бишәріп
12. Бөртебаева Көкен
13. Ғабдуллина Күмісжан
14. Мұхтарова Мәрфу
15. Махметова Бәтима
16. Махаева Марал
17. Мұсаханова Мажыра
18. Мұқыжанов Ораз (Бабай)
19. Оспанов Мұратқан
20. Нұртазина Рыскелді

21. Сламбеков Бүркітбай
22. Сейтмұқашев Манат
23. Сәрсенбекова Мағираш
24. Ыбрақымова Шәкітай
25. Канафина Тиыштық
26. Кәрібекова Уақыт
27. Жасымбеков Матжан
28. Шарипова Бақыт
29. Оспанова Света
30. Қасымбеков Төкен
31. Нұржанов Бейбіт
32. Сіргебаева Нұрғайын
33. Нұрмағанбет
34. Әмірбаева Жәния
35. Түсіпбаев Қанат
36. Төкеева Зағира
37. Зейнұрова Жібек
38. Ибраев Ақан
39. Базарбаев Ерен
40. Рақымбаев Өміржан

Сыныптастар туралы мәлімет

Адамға қолынан келсе қол ұшын беруге, көмектесуге әрдайым әзір тұратын, кішіпейіл, жанашыр, уәдесіне берік, бір сөзді азаматтармен азаматшалар көп.

Жақсы азамат атанып, қоғамға еңбегі сіңіп, елге танымал болған, кәзіргі кезде зейнеткер достарымыздың өмірлері және мектеп бітіргеніне 50 жыл.

АҚПАНБАЕВА Торғай Шәженқызы



Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, «Еңбек» ауылында 10 қазан 1948 жылы туған. Қызыларай орта мектебін 1965 жылы бітірген.

Білімі: Жоғары, 1965 – 1969 жылдар арасында Алматы қаласындағы Қазақтың мемлекеттік қыздар педагогикалық қыздар институтының физика - математика факультетінің физика пәні оқытушысы мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолы: 1969ж. Қызыларай орта мектебінде физика пәні мұғалімі және аға пионер вожатый, 1973 ж. М.Горький (қазіргі Ә.Бөкейхан) атындағы орта мектептің физика пәні мұғалімі, мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, М.Горький 11 жыл бастауыш партия ұйымының жетекшісі, жастар жетекшісі. 1990 жылдан № 14 кәсіптік техникалық училищеде

информатика пәні мұғалімі, училище директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары және информатика пәні мұғалімі, психолог қызметтерін атқарған. 2009 ж. бастап зейнеткер ұстаз. Педагогикалық стажы – 40 жыл. Жетістіктері: 2001 жылы Қарағанды облыстық ғылыми конференцияда «Оқу мен тәрбие жұмысында халықтық педагогиканы пайдалана отырып, жаңа технологиямен ұштастыру тәжірибем» атты баяндамасы, институт жанынан шығарылған жинаққа енген. Тәжірибесі облыс және аудан көлемінде екі рет таратылып, бетплакаттар шығарылды.

Ұстаз – өлке зерттеуші, бірнеше кітап авторы. 2002 жылы «Айтыстың ақберен шебері Шөже Қаржаубайұлының шығармашылық жолы» атты кітабы, 2003ж. «Өнегелі өмір белестері» кітабы, «Айтыс өнері» бағдарламасы, 2005 ж. Ұлы Отан соғысындағы ерлікке 60 жыл толу қарсаңында «Өшпес ерлік, өлмес мұра» атты шежіре жинақтың 1-ші бөлімі, 2010 ж. «Өшпес ерлік, өлмес мұра» атты шежіре жинақтың 2-ші бөлімі, «Информатика сабағында халықтық педагогиканы пайдалану және жаңа технологиямен ұштастыру тәжірибем» атты әдістемелік құрал, 2012 ж. «Ақтоғай тану» бағдарлама және «Ақтоғай тану» оқу әдістемелік баспадан шықты. Жалпы 4 кітап, 2 бағдарлама, 2 оқу әдістемелік баспадан шығып, аудан халқы пайдалануда. 2001-2004 оқу жылдары аралығында № 14 кәсіптік мекепе базасында 1 айлық, 3 айлық, 6 айлық «ЭВМ операторы» мамандығы бойынша

дайындаған оқу бағдарламалары пайданылды. 2003 ж. облыстық информатика кабинетінің байқауы жеңімпазы, 2007 жылы облыстық информатика мұғалімдерінің «Алтын диск» байқауына қатысып, бірінші орын иеленіп, 24-28.04.2007ж. Қызылорда қаласында өтетін ІІ Республикалық «Алтын диск» байқауына жолдама алды. Аудан жастарын алғаш компьютерлік сауаттылыққа үйреткен алғашқы ұстаз.

2004ж. облыстық мектеп мұражайлары байқауының жеңімпазы, ауданда алғашқы мектеп мұражайларының негізін салушы. Өзі қызмет істеген мектептерден «Туған өлкем – қандай көркем» және «Ата мұра» өлке тану мұражайларын ұйымдастырып, ашты. Ұлттық салт-дәстүрді насихаттаушы, 2005 жылы қазақ телестудиясы түсірген «Күләш ауылы» атты фильмде көрсетілді. Аудандық мұражай кеңесінің мүшесі, әлі де аудандық қоғамдық шараларға қатысып келеді. Өнегелі ұл – қыз өсірген ана.

Марапаттары: 1975 жылы ауданның «Таңдаулы мұғалімі» белгісі, 1977 ж. «Қазақстан халық ағарту ісінің үздігі» атағының иегері, 1990 жылы «Еңбек ардагері» медалінің иегері, ҚР құрмет грамотасы, бірнеше облыстық және аудандық құрмет грамоталармен жеке еңбек және шығармашылық үлестері бойынша марапатталған. «ҚР-ның тәуелсіздігіне 20 жыл» мерекелік медаль иегері. «Кәсіптік білім беру жүйесінің 75 жылдығы» (2015ж.) медальдарымен, (Қазақ елінің үздік ұстазы) (2016ж). төсбелгі иегері.

Жолдасы Құлпейісов Аманжол (Алпысбай).
Балалары Жанар, Гүлнар, Бакыт, Ербол.
Немерелері: Әсем, Рауана, Жанерке, Айгерім,
Нұрбол, Абылай, Айбол, Әлихан, Аружан, 2
шөбересі бар.

Мекен жайы: Қарағанды облысы, Ақтоғай
селосы, Оразалин көшесі, № 6 үй. Тел. № 2-12-16.

АХМЕТЧИНА Нәзікүл



Мен, Ахметчина Нәзікүл,
1946 жылдың 1-ші ақпанында
дүниеге келдім.

1954 жылы мектепке барып,
1965 жылы орта білім алдым.

Бірінші мұғалімім – Жақатаева

Әзиза. Білім алумен қатар мектепте жүргізілетін
әр түрлі тақырыптық және мерекелік шараларға
қатысып өнерлерімізді көрсететінбіз.

Мен мектеп хорында ән салатын едім. Еңбек
жолымды ауылдық емханада бастадым. Ауылдық
емханада жұмыскер, кейін аспазшы болып жұмыс
істедім. Жолдасым Мәжманов Есенмен 23 жыл
бірге өмір сүріп 11 бала тәрбиелеп өсірдік. Батыр
анамын, балаларым Дәурен, Қайрат, Сәрсен,
Айдархан, Аягүл, Жаңагүл, Мырзахан, Айнұр,
Гүлім, Айым және Дана. Ержетті, әр түрлі салада
еңбек етеді.

Қазір зейнеткермін, 12 немере сүйіп
отырмын. Мектепте оқып жүрген кезімізде күлкілі
кездер мен балалық оқиғалар көп болды.

Кластастармен бас қосқанда, балалық
шақты еске алған қандай жақсы.

АДРЕЙСОВ Ардаш



Әдірейсұлы Ардаш 11.01.1947 жылы, қазіргі Қызыларай ауылындағы Еңбек бөлімшесінде туған. Қызыларай ауылында ІІ сыныпты аяқтап, сол жылы қазіргі Нарманбет ауылындағы

№ 3 фермаға есепші болып орналасты. 1968-69 жылдары Қарағанды қаласындағы бір жылдық есепшілер дайындайтын мектепті бітіріп, бұдан кейін Жезқазған қаласындағы совхоз-техникумының ауылшаруашылық бухгалтерлерін дайындайтын бөлімін қызыл дипломмен бітірген. 1978 жылы Айыртас кеңшарына жолдамамен 1985 жылға дейін бас есепші болды.

1996 жылы кеңшар тарағаннан кейін, Тоқырауын ауданының қаржы бөліміне экономист болып 1997 жылға дейін аудан тарағанша жұмыс істеп, қайтадан Абай ауылындағы селолық әкімнің бас маманы болып зейнеткерлікке шыққанша 2011 жылға дейін жұмыс жасады. 2012 жылдан осы уақытқа дейін осы ауылдағы ауыл шаруашылық өндірістік кооперативінің төрағасымын.

1971 жылы Жидебай ауылының қызы Смағұлқызы Кенжемен отбасын құрды. Бұл кісі 40 жыл мектепте мұғалім болып 2010 жылға дейін жұмыс жасады.

Бес бала тәрбиелеп өсірді. 4 ұл, 1 қыз.

Балалары: Бауыржан, Сайлау, Медігат, Ержан, Шынар.

Үйленген, жанұялары бар. Әр салада еңбек етеді.

Немерелері: Нұрлан, Нұрбол, Іңкәр, Ерсұлтан,
Айару, Арнат т.б.

Нарманбет ауылы
8(71038) 7-04-24, 7-05-09

ӘМІРБАЕВА Жәния



Актоғай ауданы, Шабанбай би ауылында туған. 1965 жылы орта мектепті Қызыларай ауылында бітірді. Мектептен кейін Жұмабекпен отбасын құрып Айыртас елді мекенінде тұрды. Кейіннен Балқаш қаласына қоныс аударды. Жолдасы Жұмабек қайтыс болды. 6 бала тәрбиелеп өсірді.

Балалары: Әлия, Бағдат, Қанат, Сұңғат, Майда, Мәншүк. Немерелері бар.

Мекен жайы: Балқаш қаласы,
Жұмысшы көшесі. Тел. 6-74-16.

ӘТЕЕВА (БАТТАЛҒАЗИНА) Күләш



Актоғай ауданы Еңбек ауылында
12.04.1944 жылы туған.

Қызыларай орта мектебін 1965
жылы бітірген.

Алматы Политехникалық техникумын есепші мамандығы бойынша бітіріп келіп, ауылда есепші, радист болып ұзақ жыл еңбек етті. Қойшыбекпен отбасын құрып, үлгілі ұрпақ өсірді.

Балалары: Шолпан, Амангелді, Жанат, Айман,
Баян. 12 немересі, 1 шөбересі бар.
Жолдасы Қойшыбек Қазин 2002 жылы өмірден
өтті.

Мекен жайы: Майқұдық А.Байжанова көшесі 61.
Ұялы телефон нөмірі: 87770506962.



БӨРТЕБАЕВА Күлайым (Көкен)

Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы,
Қызыларай ауылында 1944
жылы дүниеге келген.

Қызыларай орта мектебінде
оқыған. 1962 жылы Балқаш қаласының азаматы
Баянбаев Өмірмен тұрмыс құрған. Бір қыз, екі ұлы
бар.

Олардан 4 немере, 5 шөбере көріп отыр.

Балаларының бәрі жоғары білім алған, өз маман-
дықтары бойынша жұмыстар атқаруда. Жолдасы
Баянбаев Өмір осыдан 23 жыл бұрын қайтыс
болды.

Көкен 15 жыл қаладағы тігін фабрикасында, 19
жыл нан зауытында үлгілі еңбек еткен. Қазір ұлын
ұяға, қызын қияға қондырып алаңсыз бақытты
өмір кешіп отырған зейнеткер ана.

Балалары – Айгүл, Серік, Нұрлан.

Немерелері: Айжан, Ермек, Айбек, Олжас.

Шөберелері: Мәди, Мәншүк, Мәнсүр, Симанұр,
Мирас.

Мекен жайы: Қарағанды облысы, Балқаш қаласы,
Амангелді көшесі, 10-12
Телефон (871036) 4-36-71

БАШАРОВА Бишәріп

Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы Қызыларай ауылында туған. 1965 жылы орта мектепті бітірген.

Жолдасы Ұйқасбаев Зәрубек аудан экономикасын дамытуға үлес қосқан азамат. «Еңбек Даңқы» орденінің иегері, аға шопан. 7 бала тәрбиелеп өсірді. Қазір зейнеткер, Қарағанды қаласында тұрады. Балалары: Гүлназия, Сәуле, Салтанат, Жазира, Тұрсын, Ерсін, Назима. Немерелері бар.

Мекен жайы: Строительная 21-19.

Телефон: 35-75-19

БАЗАРБАЕВ Еренғайып



01.10.1946 жылы Қарқаралы ауданы, Қаршығалы ауылдық советінде дүниеге келдім. 1-ші сыныпқа Ворошилов (Көктас)

совхозының «Новый путь» бөлімшесінде бардым. Қызыларай ауылындағы орта мектепте 5-6 сыныптарда оқыдым. 1966 жылы үйленіп, «Карбушовка» совхозында еңбек еттім. Жұбайым Рысжан екеуіміздің 7 баламыз, 16 немереміз бар. 2000 жылы Нұра станциясына көшіп келіп, теміржолда жұмыс істедім. 2009 жылдан бастап зейнеткермін.

Мекен жайы: Қарағанды облысы,

Нұра ауданы.



БАҚЫШЕВ Мәннәп



Ақтоғай ауданы Қызыларай елді мекенінде 1947 жылы туған. Қызыларай орта мектебін 1965 жылы бітірген.

Совет Армиясы қатарында 3 жыл әскери міндетін атқарды.

Алматы қаласында оқып сол жерде қызмет істеді, Майра екеуі ұрпақ өсірді. Балалары Дәурен, Нұрлан қазір өсіп келеді. Алматы, Астана қалаларында тұрады. Өзі өмірден өтті. Қызыларай жеріне әкеліп жерленді.

КӘРІБЕКОВА Уақыт



Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Шабанбай би ауылында 01.02.1947 жылы туған.

1965 жылы Қызыларай орта мектебін бітірген. Еңбек жолын

1965-66 жылдары интернат тәрбиешісі болып бастаған. Жезқазған педагогикалық училищесін бітіріп, Ақтоғай ауданында кейін Балқаш қаласы, Қоңырат кенішіндегі № 25 мектепте қызмет істеді.

Бастауыш сыныпқа сабақ беріп, балалар тәрбиеледі.

1994 жылы Балқаш қаласындағы № 7 мектеп-гимназиясына ауысты. Ұзақ жыл сол мектепте оқушыларға білім берді.

Сол мектептен зейнетке шықты. Еңбектегі жетістіктері: «Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің»

грамотасымен марапатталған, «Еңбек ардагері» медалінің иегері. Облыстық, қалалық Алғыс хат, мақтау қағаздарын алған.

«Айлапат» атты аймақтық әдеби-қоғамдық журналдың 2014ж. № 4 санында Уақыт пен Бейсентайдың жан ұясының еңбектегі табысы баяндалған.

«Нұрсая – шаңырақ шырайы» - атты мақала жарық көрген.

Жолдасы Жұмабаев Бейсентай екеуі бірге қызмет істеп жүріп балалары: Эльмира мен Анисаны жоғарғы білімді, үлгілі, еңбекқор етіп тәрбиеледі.

Немерелері: Нұрлан, Нұрсая, Айша, Нұрай ер жетіп ұрпақтары жалғасуда.

Мекен жайы – Балқаш қаласы,
Мира көшесі 10 үй 4 пәтер, тел.; 4-39-02
Ұялы телефон: 8 775 918 20 10

ҚАСЫМБЕКОВ Төкен



Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы Қызыларай ауылында ауылында 30 желтоқсан 1945 жылы туған. Қызыларай орта мектебін бітірген. Мектеп бітірген соң 1967 жылға дейін міндетті әскер қатарында болған. 1969 жылдары ауылда тракторист – комбайнер, жүргізуші, трактористер бригадасының бригадирі, ауылдың № 3 ферма меңгерушісі, № 1 ферма кооперативінің бастығы, № 1 ферма ұжымының

бастығы болып, өзі үлгі көрсетіп еңбек адамдарын тәрбиелеуде жақсы тәжірибиелер жинақтады. 1995 жылдан «Қасымбек» шаруа қожалығының жетекшісі болып еңбек етіп келеді. Еңбектегі жетістіктері бір төбе.

Атап айтар болсам: «Құрмет белгісі» орденімен (1972 ж.) «Еңбек ардагері» орденімен (1988ж.) , «Еңбек екпіндісі» белгісімен (1975ж.) «Социалистік жарыс жеңімпазы» (1977ж.) «Еңбек Қызыл Ту» орденімен, «Еңбек ардагері» орденімен (1982ж.) «XXI бесжылдықтың екпіндісі» белгісімен (1988ж.), «ҚР Тәуелсіздігіне 20 жыл» мерекелік медальмен (2011ж.), бірнеше мақтау грамоталарымен марапатталған. Өз құрдастары, достары арасында сыйлы, ауыл ардагерлер кеңесін басқарып қоғамдық жұмыс атқарады. Отбасында Орал екеуі 4 бала Жайнагүл, Дәулет, Дәуренбек, Айнагүлді тәрбиелеп, олардан өскен немерелері Жалғас, Толқынай, Жібек, Кәусар, Мұхамедәли, Ақжол, Бекжан, Мағжан, Іңкәр, Алмас, Айзере, Нұрәли ортасында.

Ел ішінде еңбек демалысында.

Мекен жайы: Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қызыларай ауылы,
Телефон 24-2-10



ҚАНАФИНА ТИЫШТЫК

Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қызыларай елді мекенінде 10 ақпан 1945 жылы туған.

Қызыларай орта мектебін 1965 жылы бітірген. Сол жылы Қарағанды қаласындағы педагогикалық институтқа жоғары оқу орнына түскен.

1967 жылы Сәрсенбеков Мұғиынға тұрмысқа шығып, 7 бала тәрбиелеп, өсірген. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырған ана.

Балалары: Гүлмира, Абзал, Ердос, Айдос, Елдос, Гүлназира, Жандос. Бәрі жоғары білім алған.

Үлкен қыз баласы Гүлмира Сәрсенбекова аудан орталығындағы орта мектепте орыс тілі мен әдебиетінің озат мұғалімі. Барлық балалары жақсы азамат, әр салада еңбек етеді. Қазіргі таңда 18 немере, 2 шөбересі бар.

21 желтоқсан 2014 жылы өмірден өтті. Қарағанды қаласында жерленді. Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа болсын!

ГАБДУЛЛИНА Күмісжан



Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қызыларай ауылында туған.

Қызыларай орта мектебіне 1952 жылы барып, 1965 жылы бітірген.

Білімі: Арнаулы орта.

Еңбек жолын: 1969 жылы

Қызыларай ауылында әртүрлі жұмыс жасап, 1972 жылы тұрмыс құрған. Айыртас және Қызыларай ауылдарында әртүрлі салада жұмыс жасаған.

1994 жылы Қараталға көшіп келген.

Жолдасы Нұржігітов Жақай (2008 жылы Қаратал ауылында қайтыс болды). 5 баласы бар. Балалары: Берікжан, Нариман, Қабдиман, Қарлыға, Еркебұлан. Немерелері: Мадина, Адиат, Данияр, Ділнәз, Айдана, Медина, Нұрсұлтан. 1994 жылы зейнеткерлікке шыққан.

Мекен жайы: Қарағанды облысы,
Шабанбай би ауылы,
Телефон 26-2-91.

МҰҚЫЖАНОВ Ораз (Бабай)



Ақтоғай ауданы, Қызыларай елді мекенінде 16.08.1946 жылы туған. Қызыларай орта мектебін 1965 жылы бітірген. Әскер қатарында болды, Алматыдан білім алды. Ақшатау поселкасында тұрып,

еңбек етті. Жамал екеуі ұрпак өсірді.

Балалары: Ардақ, Ерслан, Ерсін, 8 немересі бар. Ақшатау поселкасына жерленді.



МҰСАХАНОВА Мажыра

Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Шабанбай би ауылында 1946 жылы дүниеге келген. 1965 жылы Қызыларай

орта мектебін бітірген. Өнерге бейім, әнші – Мажыра, оқу бітірген соң тұрмысқа шықты. 4 бала тәрбиелеп өсірді. Өзі 20.02.2002 жылы қайтыс болды. Қуаныш елді мекеніне жерленді.

Балалары: Мирасқұл, Өмірұзақ, Нұршат, Асан. Немерелері бар.

ОСПАНОВА Света



29.08.1947 жылы Жезқазған облысы, Қарсақпай кентінде туған. Отбасының жағдайына байланысты 6 сыныптан

бастап Ақтоғайда оқыған, 11 сыныпта Қызыларай орта мектебіне келіп, 1965 жылы осы мектептен бітірген. 1965 жылы Қарағанды мемлекеттік медицина институтының емдеу факультетіне түсіп, 1971 жылы бітірген. 1970 жылы Хасенге тұрмысқа шыққан. Институтты бітірген соң 1971 жылдан Қарағанды облыстық денсаулық сақтау саласында 40 жылдан аса еңбек етіп келеді. Жоғары санаттағы дәрігер. Томск, Ленинград, Москва, Алматы, Павлодар қалаларында білімін жетілдіріп отырған.

Еңбектегі жетістіктері: «Денсаулық сақтау саласының үздігі» (1986ж.), «Үздік еңбегі үшін» медалімен (1991ж.), бірнеше облыстық грамоталармен марапатталған.

Хасен екеуі қатар қызмет ете жүріп, Құралай, Әлия, Шолпан атты үш баласын жақсы өсірді. Сол балаларынан Айсұлу, Ақылбек, Исламбек, Гауһар, Аида, Алмас, Еламан атты немерелер қызығын көріп отырған аяулы зейнеткер ана.

Қарағанды қаласында тұрады. Жолдасы Хасен Сәрсенбаев 2001 жылы қайтыс болды.

Мекен жайы: Қарағанды қаласы,

Телефон (87212) 40-20-74

Ұялы телефон 8 702 307 86 20



Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қаратал ауылында туған. Қызыларай орта мектебін 1965 жылы бітірген.

Мектепте ширақ, озат оқушы болды, мектепті бітірген соң әр салада абыройлы еңбек етті.

Еңбек жолын Қоңырат совхозында механизатор болып бастап, трактор бригадасының бригадирі, ферма басқарушысы, бас зоотехник, бас инженер болып жұмыс жасады. 1994 жылы «Тоғызбай» шаруа қожалығының жетекшісі. Матжан еңбекқор, қарапайым, тиянақты адам еді. Дос-жарандарының арасында сыйлы болды. Қаратал совхозында шаңырақ көтеріп, Алтын екеуі ұрпақ өсірді. 29 сәуір 2002 жылы кенеттен қайтыс болды. Балалары: Мартбек, Жалғасбек, Мейрамбек, Гүлмира, Назира. Немерелері бар.

МҰХТАРОВА Мәрфу



Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қызыларай ауылында 13.04.1945ж.туған. Қызыларай орта мектебін бітірген. Еңбек

жолында сауда саласында, бала бақшада, кәсіптік-техникалық училищеде комендант т.б. жұмыстар жасаған. Осы жерден 1993ж. зейнетке шыққан. Жолдасы Иманғалин Дәкәрім екеуі 6 бала тәрбиелеп өсірген.

Балалары: Амангелді, Есенгелді, Жаңагүл, Қымбат, Руслан, Ерслан. 15 немере, 5 шөбересі бар. Дәкәрім 28.04.2012ж. қайтыс болды. Қазір Ақтоғай селосында тұрады.

Мекен жайы: Ақтоғай селосы,
Нарманбет көшесі, 42 үй,
телефон: 2-11-94

МАХАЕВА Марал



Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қызыларай ауылында 17.03.1948 жылы туған.

Қызыларай орта мектебін 1-ші сыныптан 11-ші сыныпқа дейін

оқып, 1965 жылы бітірген. Алғашқы ұстазы – Жақатаева Әзиза болса, ал әкесі «Ленин» орденді Ыскаков Мақай деген ардагер ұстаз еді.

Қарағанды қаласындағы Педагогикалық институтына түскен. Еңбек жолын Қарағайлы кентінің № 3 орта мектебінде бастады. Кейіннен Талды ауданының әскери комиссариатында 18 жылдай қызмет жасап, кейін «Қарағайлы» кен байыту комбинатының арнайы бөлімінде оншақты жыл жұмыс істеп еңбек демалысына шықты. Еңбектегі жетістіктері грамоталармен марапатталып отырылды. Өмірлік жары Оралбек екеуі қатар жүріп, жақсы қызмет істеп, Гульнара, Салтанат және Сәуле деген үш балаларын тәрбиелеп өсірді. Қазір сол балаларынан Мұратбек, Дамир, Сабина, Махмут атты немерелер қызығын көріп отырған азаматтар.

Марал әңгімесінде: «Әр адамға өзінің балалық шағы өте ыстық. Өмірдің шағын ғана бір бөлігі болсада, қанша тамаша қимас сәттерге толы болып келеді. Біздің сыныбымыз мектептегі ең ұйымшыл, тату сыныптардың бірі болды. Мектепті бітіргенде, бәріміз, қосымша «Животновод-механизатор» деген куәлік алдық.

....Ол кезде совхозға көмек көрсетуге сыныптастарымыз тегіс баратынбыз. 8-ші сыныпта күзде шөп жинауға бардық. Қайтуға бірер күн қалғанда, ұлдарымыз келіп, сақ болындар, бүгін бір қызды ұрлап алады екен деп ескертті. «Біз сендерді қорғаймыз» деген ұлдардың ескертуіне карамай, қыздар өзіміз «қорғанысқа» кірістік. Өзіміз жатқан палатканың есігінде «дабыл жабдығын» орналастырдық. Біреу кірсе бізді оятсын деп ожау, кастрюль, қасық, т.б. дыңғырлайтын ыдыстың бәрін іліп байлап қойдық. Таң атқанша бір-біріміздің қолымыздан ұстап жаттық. Алаңсыз балалық –ай!

Бұдан да басқа қызықтар көп болды.... Шын жүректен күліп еске түсіресің, балалық шақтың алаңсыз өткеніне қуанасың! – деп рақаттанып күліп, балалық кезеңін еске алады.

Мекен жайы: Қарағанды қаласы
Телефон: (87212) 30-19-23,
Ұялы телефон 8 701 490 36 36

МАХМЕТОВА Бәтима



Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қызыларай ауылында 07.02.1947 жылы туған.

Қызыларай орта мектебін 1-ші сыныптан 11-ші сыныпқа дейін оқып, 1965 жылы бітірген.

Мектеп бітірген соң Қарағанды қаласындағы педагогикалық институттың тіл әдебиеті факультетіне түсіп, жақсы бітірген. Ақтоғай ауданындағы Қарасу ауылындағы мектептен ұстаздық еңбек жолын бастаған. Қарасу ауылының азаматы Рысқұлов Тілекке тұрмысқа шығып, 5 ұл, 1 қыз бала тәрбиелеп өсірген. «Күміс алқа» иегері, ардақты ана. Балалары: Мұқтар, Сұңғат, Ербол, Бауыржан, Назым, Әділет. Немерелері: Аңсар, Азамат, Медина, Мерей, Сұлтан, Ерасыл жақсы өсіп келеді. Еңбектегі жетістіктері жоғарғы орындардан грамота, алғыс хаттармен марапатталып отырған.

Мекен жайы: Қарағанды облысы,
Балқаш қаласы,
Телефон 5-39-89

НҰРЖАНОВ Бейбіт



Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қызыларай ауылында 16.10.1945 жылы туған. 1-4 сыныпты «Кеңасу» елді мекенінен бітіріп, 5-сыныптан бастап Қызыларайдағы № 2 орта мектептен бітірген. 1966 жылдан бастап 1970 жылдар арасында Ақтоғай аудандық комсомол комитетінде ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі, Айыртас совхозында совхоз комсомол ұйымының жетекшісі, селолық кеңес секретары қызметтерін атқарған. 1970 – 1974 жылдар аралығында Кәсіподақтардың Қарағанды облыстық Советінің жолдамасымен Москва қаласындағы «Кәсіподақтардың Жоғарғы мектебін», еңбек жөніндегі экономист мамандығы бойынша бітірген. Кәсіподақтардың Жезқазған облыстық Советінде ұйымдастыру бөлімінде нұсқаушы, тұрғын үй коммуналдық бөлімінің меңгерушісі. Жезқазған облыстық тұтыну қоғамының басқармасының төрағасының орынбасары. Кәсіподақтардың Жезқазған облыстық жеміс-жидек дайындау комитетінің төрағасы. Жезқазған облыстық туризм және саяхат комитетінің төрағасы. «Қазақмыс Корпорациясы» ЖШС-нің, көмір департаменті кәсіподағы комитеті төрағасының орынбасары. «Қарағандытүстімет» өндірістік бірлестігінің кәсіподағы комитетінің төрағасы қызметтерін атқарған. Еңбегі жоғары орындардан бағаланып

отырған, «Еңбек даңқы» II-III дәрежесіндегі төс белгісінің иегері.

Отбасында жолдасы Қазкен екеуі 2 қыз, 1 ұл тәрбиелеп, жақсы азаматтар етіп өсірді.

Балалары: Алмас, Самал, Айнұр. 6 немересі бар.

Айзере, Айтөре, Асылжан, Айдын, Шәкәрім, Олжас.

Мекен жайы: Қарағанды қаласы,

Телефон: (87212) 43-81-20

НҰРТАЗИНА Рыскелді



20 шілде 1946 жылы Қызыларай ауылында туған. Осы ауылда алғаш лектепке барып, 1965 жылы 11 жылдықты аяқтаған. 1965-1972

жылдары Қарағанды мұғалімдер институтын сырттай бітірген. Осы жылдарда Қызыларай совхозының Еңбек бөлімшесіндегі 8 жылдық мектепте ұстаз болған.

1972-1987 жылдарда № 2 Қызыларай орта мектебінде интернат тәрбиешісі т.б. әр түрлі қызмет атқарған. 1995 жылдан зейнеткер. Отағасы Сәдуақас Ықыласбекұлы – инженер, 2014 жылдан бастап «Бейбітшілік әлемі» Халықаралық Қазақ творчестволық жазушылар одағының мүшесі. Балқаш қаласының «Қазыналы қария» дипломының жүлдегері.

Балалары: Дәулет-Айжан, Дархан-Толқын.

Немерелері: Айдана, Гүлім, Даяна, Мәдина, Сәлима, Ажар.

Мекен-жайы: Балқаш қаласы, Сәтпаев ықшам ауданы, 3үй, 1 пәтер. Тел: 5-56-50

СЕЙДІМУҚАШЕВ Манат



Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қызыларай елді мекенінде 14.12.1946 жылы туған. Қызыларай орта мектебін 1965 жылы бітірген. Ауылда ауыл шаруашылық еңбек етті. Совхоздың таңдаулы механизаторы, еңбек озаты болды. К-700 тракторын жүргізіп, ауылымыздың экономикасын дамытуға зор үлес қосты. Еңбекқор, салмақты айтуды азамат еді.

Бірде мектепте біреуге ренжіген бе, сабаққа бір жетідей келмеді. Совхоз орталығынан 2-3 шақырым жерде «Мәдениет» ауылынан келіп оқитын. Сабаққа келмеген соң барлық класс оқушылары жаяулап ауылына барып әңгімелесіп, алып келіп едік, кейіннен кездескен сәттерде сол мектептегі балалық кезеңді, сабаққа алып келгенімізді айтып еске алушы едік.

Балалары: Еркін, Толқын, Гүлжазира, Гүлназира, Айнұр, Айжан.

Немерелері: Жалғас, Жаннұр, жиендері: Мадина, Сабина, Ажар, Жұбаныш, Қуаныш, Айдар, Ернар, Жантөре, Акерке, Жанұзақ. Жолдасы Шайқықызы Шайра. Шайра мен Манат өмірден жас кетті. Балалар ер жетті. Қызыларай аулында жерленді.

СІРГЕБАЕВА Нұрғайын



Ақтоғай ауданы Қызыларай ауылында 1947 жылы туған. Қызыларай орта мектебін 1965 жылы бітірген. Мектептен кейін еңбек етіп, озат атанды.

Аудандық форумдарға қатысты. 8 бала тәрбиеледі. Балалары: Ермек, Ерлан, Алма, Жанар, Жанат, Нұрлан, Салтанат, Нұрхан. Жолдасы – Рысбек екеуі үлгілі отбасы болды. Ерте қайтыс болды. Немерелері: Ернат, Нұрхат, Гүлзат, Жадыра, Фархат, Ақерке, Әсел, Бекзат, Қайрат, Талғат, Перизат, Алтынгүл. Шөбересі: Айша, Айсұлтан.

СӘРСЕНБЕКОВА Мағираш



Ақтоғай ауданы, Қаратал ауылында туған. 9 сыныпты Қызыларайдан бітірген. Мұғалім болып қызмет еткен. 1988 жылдан бастап Балқаш қаласында жұмыс істеген № 7 мектеп гимназиясынан зейнеткерлікке шыққан. Қызы – Айнұр. Жолдасы – Райымхан Дәрібаев қайтыс болған.

Мекен жайы: Балқаш қаласы,
2 мкр. 19 үй

СЛАМБЕКОВ Бүркітбай



1946 жылы туған. Қызыларай
ауылының тумасы.

1965 жылы мектеп бітірген.

Еңбек жылын 1965 жылы
«Айыртас» совхозында кассир-
есепші болудан бастады.

1969-71 жылдары Совет Армиясы
қатарындағы әскери борышын Орынбор
қаласында атқарды.

1972 жылы отбасын құрып, совхозда әртүрлі
жұмыстар жасады. 1977 жылы Балқаш қаласына
коньс аударды. Қалада әртүрлі салада жұмыс
жасады. 1984 жылы «Абай» совхозында
директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары
бола жүріп, Алматы мал дәрігерлік –
зоотехникалық институтының зоотехникалық
бөлімінде сырттай оқыды.

1991 жылы Приозерный аудандық
ауылшаруашылығы басқармасында бас маман-
зоотехник болып қызмет атқарды.

1992 жылы «Өркен» ЖШС-де директордың
орынбасары болып қызмет жасады. Отбасында:
Жанәділ, Гүлім, Саяділ атты балаларын тәрбиелеп
өсірді. 1995 жылы өмірден озды. Зере, Қадыр,
Айболат, Бекболат, Ақерке, Кәмила атты
немерелері бар.

Зере - Қазір КарГУ-де дизайнерлік бөлімнің
3-ші курсына оқиды. Ал, немерелері жоғарғы
және

арнаулы орта білім орындарында әртүрлі мамандықтар саласында студенттер.

Жұбайы – Зәбира. Шаңырағында келіні – Дина және немерелері Акерке, Кәмиламен тұрып жатыр.

ШАРИПОВА Бақыт



Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қызыларай ауылында 10.02.1947 жылы туған. Қызыларай ауылындағы № 2 орта мектепті 1965 жылы бітірген.

1967 жылы Қызыларайда гараж бухгалтері, 1976 жылдан Ақтоғай аудандық телефон байланыс мекемесінде телефонистка болып ұзақ жылдар жақсы еңбек етті.

2001 жылы зейнеткерлікке шықты. Еңбек еткен жылдарда облыстық мақтау грамотасы, аудандық Құрмет грамотасы (1979ж.), «Өз мамандығының таңдаулысы» конкурсында 1985 жылдың «таңдаулы телефонистка» атағын алған. «Коммунистік еңбек екіпіндісі» атағы (1987ж) және «(XII бесжылдық үздігі)» белгісімен (1991ж) марапатталған. Жолдасы Тойшыбеков Болат.

Балалары: Ботакөз, Амангелді, Нұргелді әр салада еңбек етеді. Немерелері Олжас, Құралай, Меруерт, Күләш, Дана, Әбубәкір, Әмина өсіп келеді.

2008 жылы қайтыс болды. Ақтоғайда жерленді.

ӘБДУАЛИЕВ Байғазы



17.04.1947 жылы Қызыларай ауылында туды. Осы ауылда 1954 жылы алғаш мектеп табалдырығын аттап, 1965 жылы 11 жылдық № 2 орта мектепті бітірді. Мектептен

кейін Қарқаралы зоовет техникумында оқып жүрген кезінде әскер қатарына алынды. Әскер қатарынан келген соң жүргізуші мамандығын алып, осы мамандықпен елде еңбек етті.

15.08.1969 жылы отбасын құрған. Ауылдағы еңбектің сан-салалы түріне (шөп тасу, құрылыс, т.б.) аянбай жасаған жұмыстары арқасында 1973-1975 жылдар арасында ауылдық советке депутат болып сайланды. Еңбегім бағаланып әртүрлі алғыс хаттар, грамоталармен марапатталған.

2005 жылдан бастап 12 жыл бойы орман шаруашылығы мекемесінде орманшы болып абыройлы еңбек етіп, ауыл табиғатын қорғауға қатысты. Осы жерден 63 жасында зейнеткерлікке шықты. Жолдасы Шолпан Іңкәржанова екеуі үлгілі балалар тәрбиеледі. Шолпан «Батыр ана» иегері. Балалары: Гүлназ, Гүлден, Гүлмира, Әсем, Әсел, Рауан, Малгаждар, Мадияр, Алмас, Гүлжазира. Ұлын ұяға, қыздарын қияға қондырып, бәріне мамандық алып беріп, олар әр салада еңбек етуде.

Сол балалардан 21 немере, 7 шөбере бар.

Адресі: Қызыларай ауылы, Телефон: 24-2-83

ӘБДРАХМАНОВА Рәзия



Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қызыларай елді мекенінде 29.10.1945 жылы туған.

Қызыларай орта мектебінде 9-сыныпқа дейін оқыған. Жолдасы

Нөкешов Болат. Сарытерек ауылы, № 3 Кенелі, № 4 Қоянкөз бөлімшелерінде ұзақ жылдар аға шопан болып еңбек етті. Еңбек озаттары болумен қатар үлгілі балалар өсірді.

Балалары: Гүлсім, Гүлмира, Гүлзира, Раушан, Қайрат, Меруерт, Медет, Гүлден т.б. Кенелі ауылында шаңырақта Қайраты отыр. Балалары ер жетіп, әр түрлі салада еңбек етуде. 21 немере, 2 шөбересі бар.

Рәзия 17.05.2014 жылы қайтыс болып, сол Қоянкөз ауылында жерленді.

АҚБАЕВ Манат



Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қызыларай ауылында 1947 жылы туған. Қызыларай орта мектебін 1965 жылы

бітірген. Қарқаралы қаласында ұзақ жылдар бойы орман шаруашылығында абыройлы еңбек етті. Жолдасы Тілеукен екеуі жақсы ұрпақ өсірді.

Балалары Лена, Қанат, Гүлмира, Марал, Асқар. Немерелері: Сұлтан, Медет, Батыр, Балауса, Әли, Сұңқар, Айдана, Мәулен, Айым, Алшын. Қазірде Қарқаралы қаласында тұрады.



БАЙМҰҚАНОВ Қайырбек

Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қызыларай ауылында 12.02.1947 жылы туған. Қызыларай орта мектебін 1965 жылы бітірген. Мектептен кейін әскер қатарында болып, 1969 жылы ауылға келді. Елде, Айыртас ауылында ауыл шаруашылығында механизатор болып, үлгілі ебек етті. 2010 жылы зейнеткерлік демалысқа шықты. Еңбек ардагері. Дәния екеуі Зейін, Саин, Нұрбақыт атты балаларын үлгілі етіп өсіріп, немерелері Шерхан, Қаһарман, Ерхан, Арслан, Ғалия, Нарғыз арасында отыр. Қызыларай ауылында тұрады. (Тел. 24-2-67).

ЗЕЙНҰРОВА Жібек

Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қызыларай ауылында 05.10.1945 жылы туған. Қызыларай орта мектебінде оқыған. Мектептен кейін Нарманбет ауылында Асылбеков Әділхан мен тұрмыс құрған. Балалары: Қонысбай, Қайрат, 2 немересі бар. 1991 жылы қайтыс болып, Нарманбет ауылына жерленді.

ЫБРАҚЫМОВА ШӘКІТАЙ

(Сайлаубике)

Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қызыларай ауылында туған. Қызыларай орта мектебін 1965 жылы бітірген. Мектептен соң Семей, Қарағанды қалаларында еңбек етті. Қазір Қарағанды қаласында тұрады.

ОСПАНОВ Мұратқан

17.08.1946 жылы Қарқаралы ауданы, Қарақуыс елді мекенінде туған. Қызыларай орта мектебінде 7-ші сыныпқа дейін оқыған. Еңбек жолын Қарқаралы ауданының Жамбыл ауылында мал шаруашылығында еңбек етті.

Жұбайы Мәкен екеуі 14 бала тәрбиелеп өсірді. Балалары Еркебұлан, Ернат, Бибігүл, Тиышкүл, Меруерт, Мейрамбек, Ерлан т.б. 5 немересі бар. Өзі қайтыс болды, сол Аппаз ауылында жерленген.

ТӨКЕЕВА Зағира

Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қызыларай ауылында 1944 жылы туған. Қызыларай орта мектебінде оқыған.

Қарқаралыда жолдасы Жәкен екеуі еңбек етіп, балаларын тәрбиеледі. Балалары: Гүлсім, Гүлжан, Егінбай, Асқар, Ашон т.б. Зағира қайтыс болды.

РАХЫМБАЕВ Өміржан



Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қызыларай ауылында 1945 жылы туған. Қызыларай орта мектебінде біздің сыныпта бірге оқыған. Қарқаралы ауданының Жамбыл ауылында мал шаруашылығында еңбек етті. Ақжарқын, жақсы азамат еді. Өмірден ерте кетті. Ұрпақтары бар. Жолдасы Рымкүл сол Жамбыл ауылында тұрады. Балалары бар.

БӨДЕШОВА Дәкен



Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қызыларай орта мектебін 1965 жылы бітірген. Қайтыс болған.

НУРМАҒАНБЕТ



Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Нарманбет ауылында 1947 жылы туған. Қызыларай орта мектебін 1965 жылы бітірген. Қайтыс болды.

Бітірген ісін ешкімге міндет қылмайтын, ол үшін ешкімнен мадақ, сый-сияпат күтпеген, өз міндетін адал атқарып, дүниеден өткен асыл сыныптастарымыз аз емес. Олар:

1. Шарипова Бақыт
2. Қанафина Тиыштық
3. Әбдірахманова Рәзия
4. Бақышев Мәннәп
5. Бөдешова Дәкен
6. Мұсаханова Мажыра
7. Мұқыжанов Бабай
8. Оспанов Мұратқан
9. Сламбеков Бүркітбай
10. Сейтмұқашев Манат
11. Жасымбеков Матжан
12. Сіргебаева Нұрғайын
13. Нұрмағанбет
14. Түсіпбаев Қанат
15. Төкеева Зағира
16. Зейнұрова Жібек
17. Рақымбаев Өміржан
18. Өмірбаева Жәния

Мәңгілік сағыныш

Өзен ағысын бөгеуге болады.
Өмір ағысын бөгеуге болмайды.

Дүние шексіз болғанмен өмір шекті.

Сыныптастарымыздың жұбайлары яғни, біздің сыныптың күйеу балалары келте ғұмыр сүргенмен, кесекті ғұмыр кешті. Отбастарына өшпейтін жарық сәулесін, шапағатын шашып кетті.

Жандарың жәннатта, пейіштің төрінде болыңдар!

Дос-жарандардың, ел-жұрттың өз ұрпақтарыңның мәңгі есіндесіндер!

1. Есен Мәжманұлы
2. Өмір Баянбаев
3. Хасен Сәрсенбаев
4. Дәкәрім Иманғалин
5. Зәрубек Ұйқасбаев
6. Жақай Нұржігітов
7. Мұғин Сәрсенбеков
8. Жұмабек Өмірбаев
9. Райымхан Дәрібаев
10. Тілек Рысқұлов
11. Қойшыбек Қазин

«Сарғайса да суреттің ақ парағы,
өткен күндер тарих боп сақталады».



Біздің сыныптастарымыз (солдан оңға қарай) Бүркітбай Сламбеков,
Ораз (Бабай) Мұқыжанов, Манат Сейтмұқашев, Ардаш Андрейсов,
Шекітай Ибрахимова, Торғай Ақпанбаева, Нәзікүл Ахметчина,
Мәннөп Бақышев, Тиыштық Қанафина, Батима Махметова, Нұрғайын
Сіргебаева, Уақыт Көрібесқова, Мөрфу Мұқтарова, Байғазы Әбдуалиев,
Матжан Жасымбеков, Дәкен Бедешова, Күмісжан Габдуллина, Жөния
Әмірбаева, Марал Махасва, Күләш Батталғазина, Қайырбек Баймұқанов,
«Машина тану» пәні сабағы. Ұстаз Шынарбек Қойшыбаев, 1965 ж.



**Торғай, Ардаш, Света
Қарағанды қаласы
1968 ж**



**Күләш, Уақыт, Саня
Алматы қаласы
1965 ж**



Математика сабагы
устазымыз Бакиров Сейтказы
Кызыларай ауылы

Математика сабагы

Кызыларай ауылы



**Уақыт, Рыскелді, Света, Күләш, Нәзікүл, Марал, Байғазы
2 қатарда Нұрмағанбет, Бүркітбай, Мәннел, Ардаш
1965 ж**



**Торғай, Өміржан, Күмісжан
1969 ж**

ПОЧТОВАЯ КАРТОЧКА

Окушмалық Әмірден

Төскендігім.

Рыскендіге

Мәжінәтжан

1965 ж. 19 майд

XI класс

Куда

Кому

Адрес отправителя

Алма-Ата.
Смелер на площади им. Ленина
Фото М. Галкина.

Т. Алма-Ата, Печатграфкомбинат
УГО 111. 1964 г. Завказ 1645. Ц. 2 ж.


**Оқушылық біздің кезеңде сыйға кітап,
күттықтау жолдайтынбыз.**



Света, Күмісжан



Бүркітбай, Торғай
Алматы қаласы
1966 ж



**Торғай, Нұрғайын
2 қатарда Дөкен, Рыскелді**



Бақыт, Марал



**Незікул, Жөния, Байғазы, Марал, Мағжан
1964 ж**



**Мөрфу, Марал, Ардаш, Бақыт, Света, Мәннөп, Торғай, Шөкітай
11 сынып**




**Мөнөп, Күләш, Бүркітбай, Марал, Ардаш
1964 ж**

Тиыштык, Мөрфу



Бүркітбай, Мәннәп - достар



Үлкен немерем Нұрлан екеуміз азаматтық борышын өтеп жүргенде түскеніміз 2014 жылы



**Алматыда Мөннөп семьясы Майра,
баласы Дәурен жөне Ардаш
1978 жыл**

Қызыларайдағы кіші ферма

Жалпыға Ортақ Қоғамына карай 20 кадам идеясы халықтың элеуметтік жагдайын көтеруге багытталған.

Еңбек ету табиғи емес, элеуметтік кажеттілік. Жаңа когамда еңбек күнкөрістің көзінен адам өмірінің мәніне, максатына айналды. Еңбек пен мамандык адамның күнкөрісін, мәртебесін, өмір сүру салтын, адамдар мен адамдардың катынасын айкындайтын негізге айналды. Еңбек түрлері өте көп. Еңбек түрлеріне бос уакытты мазмұнды өткізу, білімді, жүйелі істермен айналысу, қоғамдық жұмыс атқару, отбасындағы еңбек, отбасы мүшелеріне тұтынатын игіліктер өндіру, бала тәрбиелеу, үздіксіз білім алу т.б. Білім алу аса ауыр еңбектің түрі, адам өзін-өзі таниды, рухани жетіледі. Осындай еңбек түрлерінің беделін көтеру маңызды болып отыр.

Ал тәрбиенің үлкен кеңістігі - туған ел, туған үй, ата-ана. «Үл өсіргенің ұрпак өсіргенің, кыз өсіргенің - ұлт өсіргенің» деген халкымыздың ежелден келе жатқан касиетті тағылымы бар.

Оған аудан өмірінде болған өзіміз катыскан еңбекке үйрету бастамасы туралы кысқаша айтсам: Қызыларай ауылында кұрылған «Кіші ферма» (ірі кара мал бригадасы) жетекшісі болған Метай ағамызбен энгімелескенде:

«Еңбек жолымды ерте бастадым. 6-7 жасымда козы бактым, ал тоғыз жаска келгенде жалаң аяк,

жалаң бас төрт өгіздің басын жетектеп жылда қайталана беретін ауыр еңбекке араластым. Сондай жағдайда жүргенде 1950 жылдың күзінде сабак басталып кеткеннен бір айдан кейін үйден кашып кетіп, он жасымда мектеп қабыргасына келдім. Әке соғыстан кайтпады, ал арқа сүйер анама да айтпай кеттім. Мектепте 1937-38 жылы туган қыз-бозбалалар болды. Ауылға алғаш 1951 жылы полуторка деген машинаны көрдік, баска техника деген жоқ. 1955 жылы комсомол қатарына өттім. Комсомолдық белгіні зорға дегенде тауып, омырауымызға тағып қуанғанымыз сонша Ленин орденін алғандай болдық. Оқу оқып, комсомол ұйымының кез келген тапсырмасын орындап, қол жұмыстарға қатысып еңбектендік. Комсомол ұйымымен қатар партия ұйымының хатшысы сол кездегі мектептегі қарт ұстаз екі «Қызыл жұлдыз» орденінің иегері Әзімбек Құрманбеков көп көмек қолын созды. Мектеп комсомол ұйымын басқаруға тәрбиеледі, оқуыма көмектесті. Оқу мен бірге қоғамдық жұмыс атқара жүріп, комсомол пленумдарына қатысып есейдім. Аудандық комсомол комитетін басқарған Елжас Мұхамедияров еді. Талапшыл, жұмыс ұйымдастыра білді. 1958 жылдың күз айында Қызыларай, Қаратал колхоздарының мектептерінің арасынан тәжірибе участогы ашылу керек, оны сол мектептің комсомол ұйымы басқару керек және қай мектептің тәжірибесі мол болса сол мектеп онжылдық мектеп болады деген сөз шықты.

Мені мектеп директоры мен партком секретары шақырып жатыр дегенге келсем директор кабинетінде барлық ұстаздар жиналыпты. Мектеп директоры Айыпхан Жакытаев сөз бастады. Ұстаздар ақылдаса келіп мектеп жанынан «Кіші ферма» ұйымдастырайық деп шешіп отырмыз, осы кіші ферманы басқаруды саған тапсырайық деп отырмыз деді. Қолымнан келмейді деп қорқақтадым, бірақ эке-шешемдей болған ұстаздар пікірі мені келіспеске амал қалдырмады.

Қызыларай колхозының орталығында өзеннің арғы бетіндегі жаңа баз қораны дайындап, бұзаулайтын сиырларды күтетіндей толық жағдай жасалған. Осы қораны алып, бірінші бұзаулайтын 60 құнажын сиыр алдық. Әзекең екеуіміз қабылдап алған соң, екі жеті ішінде үйрене бастадық. Ал аудан орталығындағы мектеп-тауық, бізбен бәсекеге түскен «Қаратал» колхозы қоян асырады. Ал біздің бастамамыз аудан, облысқа таныс бола бастағанда «Лениншіл жас» газетінің тілшісі Шерхан Мұртаза әдейі іздеп келіп көрін, риза болып, газеттің бетіне арнаулы очерк жазды. Орталық Комитетінің март пленумында Н.С.Хрущевтің баяндамасында айтылды. Бұл біз үшін жетістік, мақтаныш болды. Жыл аяғында мал басын толық аман сақтап, төл алдық. Әр бұзаудан 890-105 кг-нан колхозға өткіздік. Ал жазда кластасым Амантай Тохметов екеуіміз жем-шөп дайындадық. Інім және басқа балалар жаздай малға ие болды.

1959 жылы Совет Армиясы қатарына шақырылдым.

Военком Хасеновке мен онжылдықты бітіріп кетейін, онжылдық мектеп ашамыз деп еңбек етіп жатқанымызды айттым, келіспеді. Мектеп басшылары да айтып көндіре алмады. Әскер қатарына кете бардым, орныма кластасым Амантай Тохметов калды. Ферма ашқан соң, мектебіміз аудан бойынша №2 орта мектеп болып 1959 жылы ашылды.

Елімізде аулымызда азаматтар қолдауымен жақсы бастамалар өркендеп дамып келеді. Біздің бастамамыз да келешек жас ұрпақтар біле жүрсе деп айтып отырмын. Келешек ұрпақ аман болсын» - деп аяқтады әңгімесін.

Бұл бастамаға барлық ұстаздар мен мектеп оқушылары тегіс қатыстық. Оқушылар топтарға бөлініп, мал күту, суару, баздан мал қиын шығару, шөп шашу, бағу, байлау, күзет т.б. жұмыстарды жоғарғы сынып оқушылары мен ұстаздар басшылығымен атқарылды. Бұл еңбек ұжымшылдыққа, жауапкершілікке, үлкен адамның айтқанын екі етпей орындауға баулыды.

Ата-ана, ұстаз, оқушы арасындағы байланыс нығайды.

Міне содан бері де 54 жылдан асты. Ал Метай Елеусізов ағамыз болса кейінгі ұрпаққа азаматтардың өмірінде ұстаздардың алатын орны ерекше екенін, тек аянбай еңбек еткен адам ғана құрмет иесі екенін мақтанышпен айтып отырады. Бір қыстақта 35 жыл отырып, мал өсіріп, фермер атанып, еңбегін еселеп арттырып, тізгінін ұрпағы Нұртай баласына тапсырып, Қозы ана екеуі

алаңсыз балалар бакытына бөленіп отырған үлгілі еңбек ардагерлері.



Суретте: Ең алғаш бұзау «Дүйсен», дүйсенбі күні, қыс айында туган. Бір бұзауды күзде өлшегенде 95 кг. шығарды. (Солдан оңға карай) - Махаева Марал, Құлпейісова Бәкия, Ибраева Тиышкен, Айтмаганбетова Секер, Блялов Бакыт, Түсіпханов Әтейхан т.б.



Суретге: Лхметчин Казкен веіврач. мүгалім
Обдразаков Сейітказы. Кү.шейіеова Ыокия. Мусин
Кэкен, Жакыпбекова ІІарбан. т.б. оқушы.тар
фермадан жұмыстан **қайтып келе** жаіқан **кезі**,

Міне. бұл мектепте болған бұл **үлкен
бастамаға біздің** кластың **балалары** катысты.
Малға іпоп салу. суару, қиын іпығару т.б.
жұмыстар ретімен іо.іык мекіеп оқушылары
атқарды.

«Тоқырауын тынысы» газеті. Т.Ақпанбаева
21.02.2014ж., 8 бетте баспадан шықты.

50 жылдан кейіні і кездес)

Өмір жолы сан тарау. Мектеп кабырғасынлағы бала кездегі адамдар саналы өмірімізде сыйлас. кадрлсс аламларға айналды.

13-14 маусым 2015 жылы Қызыларай ауылындағы № 2 орта мекіепіі 1965 жылы бітірген оқушылар 50 жылдан кейін кездесті.

Лостықты күрмет туікаи. кісілік пен кішілікті бойына дарыта білген ауылдастардың бұл кездесуі ерекше болды.

Туған жерге, өскен ортаға. кіндік кесіп, кір жуган жерге, ондағы енбек ардагсрі. ел ағасы, нар нлгалы сыныптасымыз Текен Қасымбеков пен келініміз Орал Ахметованың от басына ат басын тіредік. Валкаш. Қараганды қалаларынан. Нұра. Абай ауылдарынан. Ақтоғай сслосынан келіп жиналдык. Әрине 1965 жылы бітіргеннен кейін көрмеген оқушы.іарымызда. ганымайтын келін, күйеу балалар да болды. Ақ дастархан басында танысы, ауылды аралап. ашылғанына бір жыл болған «Шәжен ата» балалар саябағына барын. ксшкс Төкен ашкаіі ка(і)сде жа.н асіырдық.

Сыныптасымыз Токен гоііхана мен бірге дүкен, наубайхана ашып халыққа қызмет жасап, ел алғысын алып оіырган азамат. Кешті Токен баскарып, осы уакытка дейін өмірден өткен 17 сыныптасгарымызга кұран багышталып, денсаулықтарына **және** жеке жагдайларына байланысты катыса алмай **отырған** 10 шақты сыныпіасіарымыздың сәлемін жеі кіздік.

Сабак берген ұстаздарымыз туралы еске алулар, тілектер, мектеп кабыргасында жүрген кездегі суреттерді көріп, балалық кылықтарды жарыса айтып, эн айтылып, би биленді. Немерелерімізге апаратын базарлықты да дайындалды. Көңілді демалыс болсын деп Ақтоғайдан эншілер де алдырдык. Төкен мен Байгазының балалары, немерелері, келіндері, бауырлары, ата-ана достарын күтті.

Екінші күні таңертең Байгазы мен Шолпан шаңырағында кең дастархан жайылып, энгіме, естеліктер эрі карай жалғасты. Одан кейін табиғатты тамашалауға барып, таза ауа, салкын самал ескен кең далада кешті жалғастырдык. Эр сыныптас сөздерінде ұрпақ тәрбиесі, ауылды өркендетуге үлес қосу, жастарға бағыт-бағдар бере отырып тәрбиелеу мақсаты тұрды. Сыныптасымыз Төкен елден кетпей екі кабатты үй салып, тойхана, дүкен, наубайхана ашса, мен былтыр балалық шағым өткен үй орнына бауырларыма басшылық жасап, ауыл балаларына арнап «Шәжен ата» балалар саябағын пайдалануға берсем, биыл сыныптасым Бейбіт Нұржанов та Карағандыдан елге келіп өз үйінің орнына халық пайдаланатындай игілікті іс бастады. Міне, азаматтык! Ал басқа да ауыл азаматтары ауылды көркейтуге бұрынғы жақсы істерін жалғастыратын жоспарлар бар екеніне қуандык. «Тау баласы тауға карап өседі» деп халық айтқандай ауылдан шыға ауыл азаматы

Әсет Найманбаев ескерткішіне барып, ауылымыздан шыққан ұлыларды, бәрімізде ата-анамызды еске алып құран бағыштадық.

Бұл кездесуді мектеп бітіргеннен кейінгі бар ғұмырын басқа ортада өтсе де, сол бала кездегідей сезініп, сыр шертісіп, еңбектегі жеткен жетістіктері мен ұрпақ өсірудегі, отбасындағы, ел ішіндегі тұрмыс тіршілігі туралы әңгімелесіп, келешек жастарға айтар ой түйгендерін, балалары ер жетіп, алаңсыз карттық кезенді өткізіп жатқан ардагерлер кездесуі десе де болады.

Жаз айындағы жылы ак жаңбыр жауып тұрса да, шығарып салушылар легі толастамады. Ауылды, ондағы сыныптастарымызды, балалары мен немерелерін, ауыл әкімі Шекер бастаған азаматтарға батамызды беріп, қимай коштасып, аттанып кеттік. Бұл кездесу әсері ұзақ уақыт есте сақталады, жақсы демалып кайттық.

Т.Ақпанбаева 16.06.2015ж.
«Тоқырауын тынысы» газеті



**«Адамдар бір-бірінің қасиетін танып, біліп жүрсе ғана өмір
менді де өрі сенді болмақ» Төкен мен Бейбіт**



«Оркен, Еркең, Бекең, не ойлап отыр екен...»



Төкеннің үйінің алдында



**«Адамға жақсылық тілеу, оны жасауға ұмтылу, адам жанына нәр береді»
деп тілек айтып кластарымыз Ерн мен Көкен.**



1965 жылы мектеп бітіруші кластастар «қайда жүрсендер де - ел сенімін ақтай беріңдер, бірлік, ынтымақ, достық сендерге серік болсын» деп тілек білдіруші классымыздың «үш күйеу баласы - Алпысбай, Сөду, Оралбек»



**«Тарыдай тасып, быдайдай бөрітіп, төңірім не тілесендер соны берсін»
деп кластастардың үлкендері Көкен мен Күмісжан бата беріп,
ал Забира тілек білдіріп отыр.**



Біздің кластың «жас жігіттері» Бейбіт пен Төкен



«Ер еліне жақсылық іс атқарса, абройы асады, мәртебесі көтеріледі» - деп ауыл азаматтары Шекерге, Бейсенбеков Сағатқа, Гүлденге көмектескен барлық немерелерге бата бердік.



Ел тарихына арналған «Өшпес ерлік, өлмес мұра» кітабынан ауылдың бұрынғы өткені көз алдымызда



«Ұйымшылдық игілікке жеткізеді» - деп барлық іске ұйтқы болып жүрген Орал, Сағат, Дәурен баламызға мың алғыс! «Адамның ең асыл қасиеті - жақсылығы». Үлкен ата, өжселерді сыйлаған кішкентай немерелерге де алғыстан басқа айтарымыз жоқ.



Ауылды аралаганда



«Біздің қыздар» ...



Байғазы мен Ардаш



Кешті ұйымдастыру үлкен шеберлік пен жауапкершілікті талап етеді деп жүгіріп жүрген Шекер мен Гүлден.



**«Ән салсаң Әсеттей сал мамырлағып...»
деп Марал мен Ардаш ән салып отыр.**



Ақын Шоң ұлы Нұржан ата ұрпағы Бейбіт кластасымыз тамаша әнші екен...



**«Өткеннің алдында басыңды иіп, болашақтың алдында білегінді сыбан»
деген халық сөзі есімізде. Жерлесіміз Әсет Найманбаев ескерткіші басында
Бетима, Байғазы мен Оралбек өнер адамы туралы ойларын айтса,
Сөду аға құран бағыштады.**



**«Дала жігіттері ат баптап, қыран салған, елдікті айтып ұран салған,
даладағы көңіл халықтың ұрпағына лайық» - деп достар
көңілді демалуда.**



**«Өшпес ерлік, өлмес мұра» сыныптасымыздың кітабы.
Торғайдың ерен еңбегі.**



Адам тазалық іздесе табиғатқа жүгінеді. «Шежен ата» балалар саябағын ауылдың жас бүлдіршіндері ойнайтын мекен болсын, еккен ағаштарын ну орманға айналсын, ел қадірлісі бола бер - деп аналар Күмісжан мен Шолпан ризалық сезімдерін білдірді.



**«Біз де есейіп қалыпыз, бірақ бас қосқанда балалық кезді
еске алу тілтен тамаша екен...»**



**Сыныптастар Манат - Тлеукекмен кездесу
Қарқаралы қаласы, 2010 ж.**

Бала.іык еске гүскеиде:

Кездесуде азамат абыройын аскактатар жылы лебіздерді ести отырып, өрелі ісімен өзгелерге үлгі-өнеге болып жүрген азаматтар іс-эрекетіне, келбетіне сырттай сүйсінесін.

Бойында касиеті терең біліммен, толыскан тәжірибесімен, азаматтық ұстанымымен үйлесім тапқан сыныптастарыма риза болдым.

Өмір - күрес. Келешек ұрпак оларға карап бой түзейді, ой түзейді.

Адалдық жолы өмір асуында адастырмасы анық.

Іскер, белсенді, бір іске құлшына кіріседі, кімнің болса да тілін табады, когамдық, әлеуметтік, мәдени шаралардан калыс калмайды. Өзіндік ұстанымы бар.

- Кездесуден кайтар уақытта елдеріңе, отбастарына аман-есен барыңдар, енді бірі иістерің сіңген орындарына барыңдар десе, баска біреу «иіс тиген» деп, бірі шала естіп күлкіге баттык....
- Ал мен болсам эр кимылын суретке түсірсем, Шолпан келін видеога түсіре берді. Оларга кызмет көрсеттік.
- Барлық оқушылар өздерінде бар балалық шақтагы суреттерін ала келіпті. Мектеп бітірген кезде ауылда фотограф болмайтын, сырттан келіп түсіретін. Ал Карагандыдан келген Марал Махабаева бала кезіндегі суреттерін жинақтап, бетплакат жасап экеліпті.

- Кездесуде әркім өз өнерін көрсетіп, ән айтып, би биледі. Сыныбымыздың күйеу балалары Оралбек, Сәду, Алпысбай, келіндер Зәбира мен Рымбаланы ерекше күттік. Ал Күмісжан, Сәду шырқаған ән мен Бейбіт аккардионда сүйемелдеген әндер отырыстың шырайын кіргізді. Байгазы мен Төкеннің балалары мен немерелері Дәурен-ИЕкер, Гүлназ, Наргиз, т.б. туыстары Сәулегүл мен Кокенай, ауыл азаматы Сағат Бейсенбеков, сыныбымыздың келіндері Орал мен Шолпан жас келіндей қызмет жасады, жұмысты өздері ұйымдастырды.
- Кездескен сәттерде айтылған сөздерді, толғаған ойларды актерлар әңгімелердің орны бөлек болды.

Бала кез еске түскенде:

гай: Уақыт Бектұрсын мұғалімнің үйінде жатып оқыды. Бірде физика пәнінен бакылау жұмысын жазғанда есепті толық орындап үлгермедік, бірақ дәптерлерді мұғалім жинап әкетті. Үйге барған соң есепті асықпай шығарып, мұғалім жұмысқа кеткенде дәптерімізді алып (Уақыт арқылы) есепті толық жазып, қайта орнына қоятынбыз.

газы: - Ал мектептегі есте қалған ерекше айтарым:

- Менің, үйіме кластасым Марал көрші тұрлы. Маралмен мектепке бірге барып, бірге қайтамын.

Кейде ойын көтере алмай «төбелесіп» каламыз. Ал Маралға балалардың жазған хаттарын әкеліп, келіп тұрған балаларға Маралды шақырып беріп, «достық» танытатынымын. Бірде ренжісіп калсам дос болған кездегі бар құпиямызды айтып қойатынымын..

Менің көп тиісетінімді биология мұғалімі Бизада (марқұмға) айтып қойыпты. Маралды шақырып, мұғалім болған жайды маған мойындатқан соң, екінші тиіспеймін деп Маралдан кешірім сұра деді. Кешірім сұрадым, бірнеше рет қайталатып кешірім сұратты. Сонымен бірге тұрғызып қойғаны элі есімде.

Шіркін, балалық ай

Мэрфу: Трактор сабағынан Шынарбек мұғалім сабақ береді. Бірде Бәтима екеуіміз әңгімелесіп отыр едік, мұғалім байқан қолын, сұрақ қойды. Бәтима естімей калып, жанында отырған менен қандай сұрақ қойды деді. Мұғалім «ауыл шаруашылық машиналарын ата» деген еді, оны мен қалжындап «ірі кара» малды ата деді» дедім. Құрбым Бәтима сиыр, түйе, жылқы т.б. атай бастады, класс оқушылары ду күлді....

Бейбіт: 4-сыныпты «Кеңасу» ауылынан бітіріп келіп «Қызыларай» сияқты үлкен шаһарға 5-сыныпқа келдім.

Бірге оқитын қыз балалар көз тарта бастады. Балалық, бала махаббат... ауызбен айтпай тек хат жазатынбыз. Барлық ұлдарға тән касиет еді. Бірде сабакка үзілісте кешігіп келдік. Класс жетекші түсінік сұрады. Қалтамызды карады. Біреуден темекі, біреуден карта, ал менің калтамнан, қызга жазган хат шықты. Қатты сынға ұшырадық, ата-анамызды шақырды. Мені ата-анам Ақтоғайға оқуға ағам үйіне жіберді. Сол кездегі тәртіп солай еді.



Немерелерден тілек

Бізге деген махаббатын,
Жүрегінде сақтаған.
Дәл осындай ата - еженің,
Барлығына мақтанам.

Ата - еже үшін немерелер,
Жаралғандай күн - айдан.
Жаксы тідеу сіздерге,

Сыныптастардың немерелері.

Лтамызбен апамызды сылаймыз,
Айткан кенес - акылларын тыңлаймш.
І-ркелейміз асыр салыи ойнаймыз,
Олар үшін шекер менен баллаймы з.

Корген сайын готті беріп аллайын,
Ата - апамның лостарын да сыйлаймыз.
Бізге аіігкан ұлагапы создерін,
Үгынамыз еанамызга жинаймы *.

Ата - ожелер ұзак омір сүріндер,
Жы.і іа іой.іаіі а.іпыс. жеіііс. еекеенді.
Бізді ертіп думандатыи жүріндер.
Жаксы тілек сіздерге:
Нұрлан, Нұрсая, Айша, Нұрайдан:



Бейсентай мен Уакыгтың немерелері.

НЕМЕРЕМ АИЫМ



Сөзін жазі ан: әжесі

Ақпанбаева І ор\ ай

Әніп жазған: Имашев Олібек

Айым менің - жұлдызым,

Айым менің к\ндызым.

Айым менің ақ ұлпам,

Айым менің таң шолпан,

жан балам.

Қайырмасы:

Лііым мспің - суйкімді бол.

Аііым менің - икемді бол.

Амап болсын - ата-анаң,

Құлпыра бер жан баламі

Лііым менің - ботакан,

Айым менің қошақан.

ЛПым менің- бо.іашак.

Айым менің құлыншақ, жан балам.

Қайырмасы:

лііі.ім менің каиіаі ым,

Айым менің талабым.

Айым менің бұлаі ым,

Айым менің ш\ аі ым. жан балам.

Қайырмасы:

Кымбатты достарым! Онді эркайсың өз немерслсрінс арнап айтуға болады. Немереннің атын ата да айта бер. Бәрімізге ортақ эн болады.

Бұл эн негмерем Айым 3 жаска келгенде (2011ж.) Тәуелсіздік 20 жылдык тойында алгаш рет аудандык концерт багдарламасына еніп, шырқалды. Орындаган Қызыларайлық Олібек Имашевтің баласы Рымхан Молдір (5 сынып окушысы)

Суретте: Алиысбай немерелері: Айым мен Ералы.

Сөз соны

Әр ата-ананың ошпес ізі - артында қалған ұрпақтары. «Ағаш жапырағымен, адам ұрпағымен қорікті» дегендей әке-піешені асқақтата атын атап, даңққа болеуші балалары болмақ.

«Тектіден текті ғар. ісктілікті қуар, ғсктілікті қуғандар эрқашанда биік тұрар» дегендей осы сыныптас достарымыздың ұриактары өз орнын тауып. білімді, беделді тұлғалар болсын!

Қанша айтсақта алам өмірі аламмен қызық. адамды досына қаран бағала дегендей, біздің достар айналасы **абзал** азаматтарға. бауырларға, туган-туыстарға толы. Сыйлай да біледі, сыйлы да болуда. Сыныптас юстардың оғбасқары орнықты. тірлігі ғамаша. бір.ііп берік. Қызыларай елінің ерен ұриактары боллы. Бәрі де қарамайым, адал еңбек етті. Еңбектері ер атандырды.

* * *

Достар. достар жүрсің қайда,
Бірге еді юіі жанымыз.
Еске алысып осындайда,
Ән шырқайық бәріміз!

1. а. ігы 009
2. Достарга ариа\
3. Бі.іім бсргси ұетаиар
4. Бірге оқыған сыііыімасғарымыз
5. Сыныіггаеіар гуралы молімст
6. КаГгыс болған сыііымгасіар
7. **Мәңгілік** сағымыіп
- 8 Суреттер сыры (балалык **кәсн**)
9. 50 жы.ілаи кеіімі і кетлес\

І О.Кездесу сурсттері

- 11.Балдыкескс іүскенле
- 12.1 Іемерслерлен ті.іек
13. Соңгы **СӨӘ**

*МЕНІҢ СЫНЫПТЛС
ДОСТАРЫМ*

«Пүреая» басмасының лирскторы
Бейсентай Жұмабаев

Редакторы	Дниса Бейісетаикычы
Коррекгоры	Сайрангул Ахметова
Көркемдех ііп редакгоры	Динара Чешемирова
Техникалык рс. іак і оры	Шынар Ңрганбек

*«Иұрсаы» басп ахан асы,
Ба.іқаиі қа.іасы,
Сейфу і.іин көшесі, 25 үй
Тел. 8(71036) 66060*

